


# ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІ



Алматы, 2021 жылдың желтоқсаны



## 2019 жылдың 2 қыркүйегі:

«Жұмыс істейтін азаматтар өздерінің зейнетақы жинағының бір бөлігін белгілі бір мақсатқа, соның ішінде баспана сатып алуға немесе білім алу үшін пайдалану мәселесін жыл соңына дейін пысықтауды Үкіметке тапсырамын»

## 2020 жылдың 1 қыркүйегі:

«Үкіметке Ұлттық банкпен бірлесіп, осы жылдың соңына дейін барлық қажетті нормативтік-құқықтық актілерді қабылдап, дайындық жұмыстарын жүргізуді тапсырамын»

## **Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары (ҚР Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығымен бекітілген)**

59. Халықтың өз зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалана алуы үшін: болашақта алушы 82 жасқа толғанға дейін айына ең төмен жалақы мөлшерінде индекстелетін зейнетақы (базалық зейнетақыны қоса алғанда) мүмкіндік беретін салымшының ағымдағы жасына, аударымдардың болжамды тұрақтылығына және зейнетақы жинақтарының табыстылығына қарай «ең төмен жеткіліктілік шегін» айқындау; элеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайлардың өзгеруіне сәйкес «ең төмен жеткіліктілік шегін» жыл сайын қайта қарау; зейнетақы жинақтарының мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз ету тетігін айқындау; зейнетақы жинақтарын ерлі-зайыптылардың және жақын туыстардың бірлесіп мақсатты пайдалану мүмкіндігі; зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану есебінен жақын туыстарынан түрғын үй сатып алуға, сондай-ақ сатып алынған түрғын үйді кемінде 5 жыл ішінде сатуға шектеулер енгізу ескеріле отырып, 2020 жылдың соңына дейін барлық қажетті нормативтік құқықтық актіні қабылдау және ұйымдастыру-дайындық жұмыстарын жүргізу.

**24 қаңтар 2020 жыл**

«Бұл маңызды мәселені шешуде алғашқы қадам жасалды. Біздің мақсатымыз – барлық жинақтарымызды қартайғанда лайықты зейнетақысыз қалдырып, таратып жіберу емес. Адамдар жұмыс берушілерден зейнетақы жарналарын төлеуді талап ете бастауы үшін жалақыны көлеңкеден шығаруға ынталандыру керек».

**1 қыркүйек 2020 жыл**

«2021 жылдың өзінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының 700 мың салымшысы өз жинағының бір бөлігін тұрғын үй алуға, емделуге жұмсай алады немесе басқарушы компаниялардың иелігіне береді... Бұл реформа еңбек қатынастарын ашық әрі заңды жүргізіп, зейнетақы жүйесіне қатысуға ынталандыратын пәрменді құралға айналады.

Өз бетінше баспана мәселесін шешуге табысы жетпейтін азаматтарға тиімді әлеуметтік көмек көрсетілетін болады...»

- **ҚР «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 02.01.2021 жылғы № 399-VI ҚР Заңы, оның ішінде:**
  - Заңдар:**
    - Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы
    - Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы
    - Банктер және банк қызметі туралы
    - Қазақстан Республикасындағы Тұрғын үй қатынастары туралы
  - Кодекстер:**
    - Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы
    - Азаматтық
    - Азаматтық іс жүргізу
    - Қылмыстық іс жүргізу
- **«Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу және ҚР Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатында БЖЗҚ-дан БЗТ-ді нысаналы пайдалану жөніндегі уәкілетті операторларды айқындау туралы» ҚР Үкіметінің 06.01.2021 жылғы № 1 қаулысы, оның ішінде:**
  - «БЖЗҚ МЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларын және зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысы:
    - Алушының орташа айлық табысын зейнетақы төлемдерімен алмастыру коэффициентін анықтау әдістемесі
    - Зейнетақы жинақтарының ең аз жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесі
- **ҚР ИИДМ 21.01.2021 жылғы № 24 «ҚР заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін БЗТ пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы**
- **ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының қаулылары**
  - 09.02.2021 жылғы 09.02. № 15 «БЖЗҚ мен ИПБ арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы»
  - 11.02.2021 жылғы № 21 «Зейнетақы активтерін ИПБ сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір ИПБ-дан екіншісіне немесе ҚРҰБ беру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы»»
  - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 29 қаулысына Зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін ИПБ-ға қойылатын талаптарды, сондай-ақ осы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту және «Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
- **ҚР ДСМ 15.02.2021 жылғы № ҚР ДСМ-18 «Емдеуге БЗТ пайдалану ережесін бекіту туралы»**
- **және басқалар**

«Министрлік зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін анықтау әдістемесін әзірлеуші болып табылады.

Зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесін ЕХӘҚМ 2020 жылы әзірлеп, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 6 қаңтардағы №1 қаулысымен бекіткен болатын.

ҚР ЕХӘҚМ әзірлеген әдістемені бекіту туралы ҚР Үкіметі қаулысының жобасы Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау кезінде қарастырылған барлық қажетті рәсімдерден өтті:

- Әдістемеге енгізілген параметрлерді әзірлеу кезінде тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, жұмыс топтарының бірнеше отырысы өткізілді;
- 2020 жылғы 29 қарашада Ашық НҚА порталында жария талқылау өтті;
- 2020 жылғы 4 желтоқсанда ол ЕХӘҚМ интернет-ресурсында орналастырылды, 10 күн ішінде оған пікірлер мен ұсыныстар жиналды;
- барлық мүдделі мемлекеттік органдармен келісуден өтті».

**2021 жылғы 9 желтоқсан**

*Мемлекет басшысының баспасөз хатшысы Берік Уәлидің хабарламасынан:*

«Президент зейнетақы жинақтарының шекті мәндерін көбейту туралы шешімге қатысты азаматтардың көптеген өтініштеріне құлақ асты. Көрсеткіштер келесі жылдан бастап ең төменгі жалақының өсуі нәтижесінде ұлғайтылады. **Зейнетақы жүйесінің негізгі міндеті – зейнеткерлікке шыққаннан кейін азаматтарға қажетті жеткілікті табысты қамтамасыз ету.** Осыған байланысты **зейнетақы жинақтарының шегін ұлғайту туралы шешім – дұрыс бағыттағы қадам.** Мемлекет басшысы зейнетақы қорындағы шекті межеден асқан қаржысын пайдаланып үлгермеген азаматтарды қолдап, Үкіметке бұрынғы шекті межені көтеру мерзімін **2022 жылдың 1 сәуіріне дейін ұзартуды тапсырды.**»

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің басты мақсаты – зейнеткерлікке шыққан соң лайықты өмір деңгейін қамтамасыз ете алатын зейнетақыны қалыптастыру. Сондықтан да, салымшылар БЗТ алу және/немесе жинақөтарды ИПБ-ға аудару құқығын пайдалана алатын үш шарт айқындалды:

1. Жиынтық мөлшері алушының орташа айлық табысынан  $\geq 40\%$  алмастыру коэффициентін қамтамасыз ететін, бірақ ҚР бойынша орташа айлық табыстан аспайтын зейнетақы төлемдерін алу
  - бірінші жүгіну күніне зейнетақы жинақтарының 50% шегінде (ИПБ-ға ауыстыру көзделмеген)
  - Зейнетақы жинақтарының 100% шегінде
  - асып кету сомасының 100%-ы шегінде
2. Өмір бойғы ай сайынғы төлемдерді ең төменгі күнкөріс деңгейінен  $\geq 70\%$  қамтамасыз ететін зейнетақы аннуитеті шартының болуы
3. Ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын зейнетақы жинақтарының болуы

**МЗЖ және МКЗЖ есебінен құралған, 01.01.2021 ж. БЗТ/ИПБ-ға аудару үшін қолжетімді жинақтары бар салымшылар**

Санат	саны	сума, млрд теңге
ҚР бойынша зейнеткерлер 40% асады	38 061	94
Зейнетақы аннуитеті шарты бар	354 436	256
Жұмыс істейтіндер	761 754	2 445
<b>Барлығы</b>	<b>1 154 251</b>	<b>2 795</b>

- **Ең төмен жеткіліктілік шегі (ТЖШ)** – міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен зейнетақы мөлшерінен төмен емес ай сайынғы зейнетақыны қамтамасыз ету үшін қажетті, зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесіне сәйкес айқындалған зейнетақы жинақтарының ең төменгі мөлшері.

## ТЖШ есептеу формуласы:

$$\text{ПМД}_{x_0} = \text{ТСПВ}_{x_1} \times \frac{(1+i)^{x_1-x_0}}{(1+i)^{x_1-x_0}} - \text{ТСОПВ}_{x_0}$$

мұнда:

ТЖШ<sub>x<sub>0</sub></sub> - X<sub>0</sub> жастағы салымшы үшін зейнетақы жинақтарының ең аз жеткіліктілігінің шегі;

ЗТАҚ<sub>x<sub>1</sub></sub> - X<sub>1</sub> жастағы алушы үшін БЖЗҚ төленетін зейнетақы төлемдерінің ағымдағы құны;

МЗЖАҚ<sub>x<sub>0</sub></sub> - X<sub>0</sub> жастағы салымшы үшін міндетті зейнетақы жарналарының ағымдағы құны;

i - табыстылықтың жылдық пайыздық мөлшерлемесі;

I - ең төменгі зейнетақы мөлшерін индекстеудің жылдық мөлшерлемесі;

X<sub>0</sub> - салымшының жасы, мұнда X<sub>0</sub> < X<sub>1</sub>;

X<sub>1</sub> - зейнетақы жинақтары есебінен төлемдер жүзеге асырылатын жас ерекшелігі.

## ТЖШ есептеуге арналған көрсеткіштер\*

- ✓ табыстылықтың жылдық пайыздық мөлшерлемесі - **6,5%**;
- ✓ БЖЗҚ – дан зейнетақы төлемдерін индекстеудің жылдық мөлшерлемесі - **5%**;
- ✓ ең төменгі зейнетақы мөлшерін индекстеу мөлшерлемесі - **5%**;
- ✓ Төменгі зейнетақы мөлшерін индекстеудің жылдық мөлшерлемесі - **5%**;
- ✓ МЗЖ болжау жиілігі – **жылына 12 рет**;
- ✓ зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың бастапқы және шекті жасы - **60 жас және 82 жас**;

\* Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ұсынысы бойынша және әдістемеге сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің келісімі бойынша жыл сайынғы негізде қабылданады.



теңгемен

Аталымы	2021	2022	Өсім
Ең төменгі зейнетақы (ЕТЗ)	43 272	46 302	7%
Ең төменгі жалақы (ЕТЖ)	42 500	60 000	41%
Ең төменгі базалық зейнетақы (ЕТБЗ) = ЕТҚД-нің 54%	18 524	19 450	5%
Ең төменгі күн көріс деңгейі (ЕТҚД)	34 302	36 018	5%
Есептік көрсеткіш	2021	2022	Өсім
Ең жоғары {ЕТЖ; ЕТЗ} және ЕТБЗ арасындағы айырма ретінде айқындалған БЖЗҚ-дан төленетін бастапқы зейнетақы төлемінің мөлшері	24 748	40 550	64%

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

МЗЖ және МКЗЖ есебінен қалыптастырылған, БЗТ/ИПБ-ға ауыстыру




Салымшылар санаты	01.01.2021ж. Жағдай бойынша, 2021ж. ТЖШ бойынша		2021 жылдың 11 айында орындалған өтініштер.		01.11.2021 ж. 2022ж. Арналған ТЖШ	
	саны, адам.	сома, млрд теңге	саны, бірлік	БЗТ сомасы млрд теңгемен	саны, адам	сома
Қазақстандық зейнеткерлер 40% а.	354 436	256	41 576	64	387 262	276
ППА шарты бюар салымшылар	38 061	94	11 046	39	44 019	86
ТЖШ-дан жоғары ЗЖ бар салымшылар	761 754	2 445	549 528	2 020	150 684	539
<b>Барлығы</b>	<b>1 154 251</b>	<b>2 795</b>	<b>602 150</b>	<b>2 123</b>	<b>581 965</b>	<b>901</b>

## 01.12.2021ж. жағдай бойынша БЗТ алу туралы мәліметтер

Уәкілетті оператор атауы	2021 жылдың 11 айында орындалған өтініштер.	
	Өтініштер, бірлік.	Сома, млн теңге
"Отбасы банк» АҚ	499 637	1 995 666
«Қазақстанның Халық банкі» АҚ	20 484	48 136
"Банк ЦентрКредит» АҚ	6 183	10 106
"Altyn Bank" (ДБ China Citic Bank Corporation Ltd) АҚ	235	549
"Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ	147	536
<b>Баспанаға барлығы</b>	<b>526 686</b>	<b>2 054 991</b>
«ЖССБ «Отбасы банк» АҚ	75 464	67 892
<b>Емделуге барлығы</b>	<b>75 464</b>	<b>67 892</b>
<b>Барлығы</b>	<b>602 150</b>	<b>2 122 883</b>

\* Зейнеткерлерді қоспағанда

## 11 айдағы ЗЖ пайдалану деңгейі 2021 ж. өңірлер бөлінісінде, млн теңге



## БЗТ алудағы айма-ай көрсеткіші

2021 жыл	Сома БЗТ (млн теңге)
Қаңтар	49 164
Ақпан	600 716
Наурыз	302 578
Сәуір	284 211
Мамыр	180 145
Маусым	157 828
Шілде	122 038
Тамыз	118 966
Қыркүйек	115 468
Қазан	97 722
Қараша	108 594
<b>Барлығы</b>	<b>2 122 883</b>



Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі мақсаты – зейнеткерлікке шыққан соң адамды лайықты өмір деңгейімен қамтамасыз ету үшін жинақтарды қалыптастыру.

Халықаралық стандарттарды ескере отырып, азаматтарды зейнетақымен қамсыздандырудың барабарлығы міндетін толыққанды шешу үшін әлеуметтік көрсеткіштердің өсуін ескере отырып, жыл сайын шекті өзектендіру талап етіледі. MСGPI ұсынымдары: «Жинақтардың өзінің басты мақсаты үшін зейнетақы жасына қарай сақталуы үшін зейнетақы жинақтарының мерзімінен бұрын жылыстауын азайту қажет...»



Зейнетақы төлемдерінің төменгі баламалылық **халықаралық стандарттары.**

**Международные стандарты** минимальной адекватности пенсионных выплат.

Хылақарылық еңбек ұйымы:  $\geq$  Орташа статистикалық қызметкер үшін орташа айлық жалақының 40%-ы

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы:  $\geq$  Зейнеткерлікке шыққанға дейінгі соңғы жылдағы табысының 70%

Дү.неиежүзілік банк:  $\geq$  Бүкіл еңбек өтілі кезіндегі орташа таза кірістің 78% немесе

$\geq$  Бүкіл еңбек өтілі кезіндегі орташа жалпы кірістің 60% немесе

$\geq$  Зейнеткерлікке шыққанға дейінгі соңғы жылдағы нетто кірістің 53%-ы немесе

$\geq$  Зейнеткерлікке шыққанға дейінгі соңғы жылдағы табыстың жалпы сомасының 42%



Жинақтаушы зейнетақы жүйесінен мерзімінен бұрын айтарлықтай ақшаның әкетілуі **зейнетақы активтерінің инвестициялық мүмкіндіктерін** төмендетеді, инвестициялық табыстылық пен инфляцияға теріс әсер етеді

Зейнетақы активтерінің елеулі бөлігі ішкі экономикаға инвестицияланып, оның нығаюы мен дамуына ықпал етеді. Капиталды теңгерімсіз мерзімінен бұрын алу зейнетақы активтері портфелінің құрылымына және соның салдарынан инвестициялық табыстылыққа теріс әсер етуі мүмкін.



**2040 жылдан кейін ынтымақты зейнетақыны қысқарту жағдайында ҚЗ бойынша ХЕҰ-ның ең төменгі стандартына қол жеткізбеу қаупі жоғарылады**

Зейнетақы жинақтарын жеткіліктілік шегінен жоғары жүйелі түрде 100% алып қою болашақта Қазақстанда **көп компонентті зейнетақының тұрақты төмендеуіне** және тиісінше, болашақта зейнетақымен қамсыздандыру деңгейінің төмендеуіне алып келеді

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!**



[www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)



[enpf@enpf.kz](mailto:enpf@enpf.kz)



1418

